

Жетісу университеті

ЖЕТИСҮ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖАСТАР ГАЗЕТИ
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТИСҮ

1 қазан – Қазақстан Республикасының жоғары білім қызметкерлері күні!

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ «ENACTUS ZHETYSU» КОМАНДАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Берібаев Ермек Әбілтайұлы
Басқарма Төрағасы – Ректор,
заң ғылымдарының докторы,
профессор.

Құрметті оқытушылар!
Қадірменді университет қызметкерлері!
Баршаңызға белгілі Еңбек министрлігінің 2024 жылғы 11 маусымдағы бұйрығымен «1 қазан – Қазақстан Республикасының жоғары білім қызметкерлері күні» болып бекітілді. Бұл кәсіби мерекенің жеке-дара белгіленуі біз үшін үлкен мәртебе, зор қуаныш.

Жоғары білім саласы – әл ғылымы мен білімінің қарқынды түрде дамуына айрықша әсер ететін қозғаушы күш.

Осы орайда, жоғары оқу орындары мен олардың қызметкерлерінің кәсіби мерекесін атап өту – отандық ғылымды дамытудың маңыздылығын көрсетіп, жоғары білім беру саласындағы мамандардың беделін көтеруге ықпал ететініне сенімдіміз.

Өркениетті елдің ертеңі кемел білім мен келен ғылымда болса, бұл жолдың бастаушысы – оқытушы. Көз келген ұлттың бәсекелестік қабілеті оның білімділігімен өлшенеді.

Сөздер даярлаған, тәрбиеленген білімгерлеріңіз түрлі деңгейдегі байқауларда пәндік олимпиадаларда, спорттық жарыстарда, шығармашылық, интеллектуалдық байқауларда топ жарып, университетіміздің, еліміздің атын шығарып жүр.

Мереке қарсаңында университетіміздің, отандық білім мен ғылымның дамуына елшеусіз үлес қосып жүрген өздеріңізге ерекше ықылас білдіргім келеді. Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті әріптестер! Баршаңызға мықты денсаулық, бағды баяқты, әсіп-еркендеу, бақ-береке тілеймін!



ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек «Enactus Zhetylsu» командасын қабылдады. Кездесуге ENACTUS Kazakhstan президенті Альбина Ержанова, Жетісу университетінің ректоры Ермек Берібаев қатысты. Министр Жетісу университетінің студенттерін ENACTUS Ұлттық чемпионатындағы жетістіктерімен құттықтап, оларға әлемдік кубокта сәттілік тіледі. Студенттердің жетістіктері олардың жеке бәсекеге қабілеттілігін нығайтып,

Қазақстанның білім мен инновация саласындағы өлеуетін әлемдік аренада көрсететінін айтты.

Саясат Нұрбек өз сөзінде Жетісу университеті зерттеу қызметін белсенді түрде дамытып жатқанын ерекше атап өтті.

Сондай-ақ, министр Орталық Азияда ғылыми-зерттеу академиялық хабын құру жоспары туралы айтты. Бұл хаб аймақтың түкпір-түкпірінен жас ғалымдар мен зерттеушілерді тартатын маңызды платформа бола-

ды. Бұл хаб еліміздің Орталық Азиядағы академиялық және ғылыми инновациялар саласында жетекші орын алуына ықпал етеді.

«ENACTUS Kazakhstan» президенті Альбина Ержанова Қазақстанда ENACTUS Студенттік кәсіпкерліктің әлемдік кубогы алғаш рет өтетінін мәлімдеді. Бұл шараға әлемнің 33 елінен студенттер, кәсіпкерлер, академиялық көшбасшылар мен ірі бизнес басшылары қатысады, бұл өз

ЖЕТИСҮ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ МАРКЕ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ

25 қыркүйекте ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Италия республикасының университеттер және зерттеулер министрі Анна Мария Бернини кездесті. Кездесуге «Елияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы – Ректор Ермек Берібаев қатысты.

Министр Қазақстан мен Италияның білім беру саласындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтіп, Жетісу университетінің ғылыми-зерттеу қызметінің өлеуетіне тоқталды.

«Жетісу университеті зерттеу қызметін белсенді дамытып жатыр. Оқу орнының Марке политехникалық университеті секілді жетекші шетелдік университеттермен тығыз байланыс орнатуы өңірді білікті техникалық мамандармен қамтамасыз етудің негізгі факторына айналады. Халықаралық серіктестермен ынтымақтастық тәжірибе алмасуға, оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруға және білім сапасын жақсартуға



мүмкіндік береді», - деді Саясат Нұрбек.

Италия республикасының университеттер және зерттеулер министрі Анна Мария Қазақстанның адами капиталды дамытудағы ершіл саясатын және университетаралық ынтымақтастықты жоғары бағалады. Италия университеттері Қазақстан студенттерін қуана қабылдайтынын, бірлескен қаржыландырумен ғылыми жобаларды іске асыруға ықыласы екенін жеткізді. «Орталық Азия – тұрақты және қауіпсіз аймақ, әрі маңызды геосаяси орталық. Бұл өңір жоғары білім беру саласында ғана емес, экономикалық және коммерциялық тұрғыдан да үлкен мүмкіндіктер ұсынады, сондықтан Италия үшін стратегиялық маңызға ие», - деді Анна Мария.

Кездесуде екі ел арасындағы жоғары білім мен ғылыми зерттеулер саласындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары таңқыланды. Жоғары оқу орнының ректорлары Жетісу университетінің базасында Марке политехникалық университетінің филиалын ашу туралы келісімге қол қойды.

Осы ынтымақтастық аясында студенттер қос дипломды оқу бағдарламаларына қатысуға, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге, академиялық ұтқырлық аясында тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болады.



ҚҰМАР ОЙЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛМАЙЫҚ



Ақпалау
талқыланды



ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ҚАЙРАТКЕР



10 ВАЖНЫХ
СОВЕТОВ

БІЛІМ КҮНІН АТАП ӨТТІ



Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде білім күніне арналған салтанатты шара өтті.

Шарада сөз алған Басқарма төрағасы – ректор Ермек Бөрібаев барша білімгерлерді, ата-аналарды, оқытушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

«Биыл университетіміздің 1 курсына мың жарымнан астам студент қабылданып отыр. Мен әуелгі сөзімді жоғары білім ордасының табалдырығын аттап, жаңа өмірге қадам басып отырған осы студенттер мен олардың ата-аналарына арнағым келеді. Сіздердері жаңа орта, үлкен мүмкіндіктер күтіп тұр. Жарты ғасырлық тарихы бар Жетісу университетіне қош келдіңіздер!» – деді ректор.

Сондай-ақ, Басқарма төрағасы университетте студенттердің сапалы, кәсіби білім алуы үшін барлық жағдай жасалғандығын, мемлекет тарапынан облыс әкімдігі тарапынан да қолдау бар екенін жеткізді.

Факультет декандары таныстырылып, салтанатты шара одан әрі мерекелік концертке ұласты.



ЛУДОМАНИЯ-ҚОҒАМ ДЕРТІ



Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 1 курс студенттері арасында «Лудомания - қоғам дерті» тақырыбында жиын өтті.

Жиынды І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жастар саясаты бөлімінің басшысы Жайық Тазабекұлы жүргізді.

Шараға ТЖБ азаматтық қорғаныс тобының аға офицері Бауыржан Манасов, ТЖБ мемлекеттік инспекторы азаматтық қорғау аға лейтенанты Елнұр Тілеубаев, Жетісу университетінің жедел қызмет көрсету бөлімінің терроризмге қарсы азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар өрт қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау маманы Аман Дүйсенов қатысты.

Шарада жастар әуес-өспіл темісінің зияны жайлы шағын бейнебаян көрсетілді.

Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі, дәстүр дерінтеуші, психолог, дінтанушы Қанат Маратұлы кездесуде қоғамда белең алып тұрған – электронды төменгі қауіп туралы айтты.

«Соңғы уақытта вейп темекіге әуес жастардың көптігі апандаушылық туғызады. Сіздер – еліміздің ертіңі, бір-бір үйдің үмітсіздер. Білім – өмір шырағы демекші, шырағың жарық болса, өмірде адаспай

мәнді ғұмыр көшеңіз», – деп үлкен өмірге қадам басқан студенттерді зиянды әдеттерден аулақ болуға, салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Жиында қоғам дерті – лудоманияның теріс әсері мен салдары туралы кең ақпарат берілді. Спикерлер елімізде лудомания мәселесі өте күрделі екенін айтып, онымен күресудің, алдын алу шараларын ұсынды.

Сондай-ақ, шарада жастар арасындағы ұсақ бұзақылық, вандализм, буллинг мәселесі де көтерілді.

ПРЕЗИДЕНТ КЕҢЕСШІСІ КЕЛДІ



І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев келді. Алдымен білім ордасының тыныс-тіршілігімен танысқан ол көмеге қойылған жас ғалымдардың жұмысына жоғары баға берді. Студенттермен кездесу барысында «Әділетті Қазақстан. заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауда айтылған бірқатар мәселелер талқыланды. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Тоқаевтың бұл өңірге деген ықыласы бөлек. Ел Президентінің туған жеріне келіп, Жетісу университетінің қара шаңырағында өздеріңізбен жүздесу мен үшін үлкен мәртебе!» – деді Мәлік Отарбаев. Сондай-ақ, «Сіздер тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатқан бақытты ұрпақсыздар. Қазір көп елдің арманы бейбіт, әділетті қоғам орнату», – деп әділеттілік, тұрақтылық, тыныштық басты құндылық екенін жастарға түсіндірді. Кездесуде атом электр стансасын салу мәселесі референдумда халықтың дауыс беру нәтижесі бойынша шешілетіні айтылды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ



І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Слоубализация, аймақшылдық, жаңа синтездер» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Халықаралық конференцияны жүргізген Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – Ректор, э.ғ.д., профессор Ермек Бөрібаев

жиынның маңыздылығына тоқталып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

«Бұл ғылыми жиынның мақсаты инклюзивті өсу мен дамуға қол жеткізе отырып, еліміздің ресурстық өлеуетін тиімді пайдалануда жаңа технологияларды игеру. Бүгінгі конференция жаңа идеялар мен ашық пікір алмасу алаңына айналады деп сенемін», – деді ректор.

Пленарлық отырысқа Жетісу облысы әкімінің орынбасары Марлен Келбаев, РФА корреспондент-мүшесі, э.ғ.д., профессор Александр Широв, РФА Экономика институтының посткөрсеткіш зерттеулер орталығының меңгерушісі, э.ғ.д., профессор Леонид Вардомский, РФА Экономика институтының посткөрсеткіш зерттеулер орталығының бас ғылыми қызметкері, э.ғ.д., профессор Борис Хейфец және тағы басқа да шетелдік білікті сарапшылар, университеттің оқытушы-профессорлары мен студенттері қатысты.

Конференция барысында еліміздің экономикалық және әлеуметтік перспективалары, салалық және аумақтық даму, инклюзивті өсу, Қазақстанның транзиттік өлеуеті мен трансшекаралық сауда тақырыптары қозғалды.

ЖУ СТУДЕНТІ ТАЛДЫҚОРҒАН АРУЫ АТАНДЫ



Гуманитарлық факультеттің, Шетел тілдері және аударма ісі мамандығының 3 курс студенті Абдірақ Көркем «MISS TALDYQORGAN-2024» атанды. Көркем алдағы уақытта республикалық «MISS KAZAKHSTAN-2024» байқауында Жетісу облысының атынан сынға түспек. Биылғы «MISS TALDYQORGAN-2024» сайысына 50-ден аса әру өтініш беріп, 15 бойжеткен финалға өтіп, өзара сынға түсті. Талдықорғанда сұлулық сайысы осымен 15 мәрте өтіп отыр. Биылғы байқаудың ерекшелігі Талдықорған қаласының 80 жылдығымен тұспа-тұс келуі. Сұлулық төңірі таққан Көркемге алдағы жеңісте сәттілік тілейміз!

ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛМАЙЫҚ

Ойынқұмарлық – аса қауіпті психологиялық дерт. Психологиялық тұрғыдан қарағанда мандар, бұл дертке «лудомания» деген ат қойған. Кез келген тәуелділік – емдеуді қажет ететін теріс құбылыс. Ең алдымен, тәуелділік адамды еркіндігінен айырады, бұл денсаулық үшін өте зиянды. Лудомания – құмар ойындарға тәуелділік. Құмар ойынға берілгендердің негізгі бірнеше белгісі болады. Олар ләззат алу үшін ойынның басын көтереді. Ойыны сәтсіз болса да тоқтамайды, есіп-дерті ойын ойнау болады, оған қажетті ақшаны қайдан алатынын жоспарлап жүреді, ойнауға мүмкіндік болмаған жағдайда ашуланады, айналасындағы адамдардың көңілін қалтыруға іштей дайын жүреді. Жақындарынан ақша сұрауға, тіпті ақша талап етуге дейін барады. Кредит төлеймін деп алған ақшаның өзін қайтадан ойынға салып жібереді. Еш нәрсеге қызығушылық танытпайды. Күйзеліске түсіп, түйықталады. Мұндай мінез-құлық лудоманияның ең басты белгісі. Лудоманияға шапдыққандар күндіз күлкінен, түнде ұйқыдан айырылып, күйзеліске түседі. Тамақтану уақыты бұзылады, күн мен түннің орыны ауысады. Олар өз-өзіне қарауды тоқтатады, дұрыс тамақтанбайды, өз ұйықтайды, дене белсенділігінен бас тартады, спортпен шұғылданбайды. Сонымен қатар үнемі стрессте жүреді. Зерттеу нәтижесіне келсек, лудоманияда өзіне-өзі қол жұмсау қаупі жоғары (суицид). Мамандардан көмек сұрап келген адамдардың 1/3 өзін-өзі өлтіруге тырысқанын немесе сондай ойда болғанын мойындаған. Сондықтан лудомания әлемдегі психиатрлар мен психотерапевтер бақылайтын психологиялық аурулар қатарына кіреді.

Көбіне құмар ойындарға тәуелділік адам өмірін теріс жаққа өзгертеді. Оңай жолмен табыс табуға қуыңқан адам қоғамнан біртіндеп ажырап, өзгелермен байланыс орнату, яғни тұлға ретінде даму секілді адами қасиеттерін



жоғалтады. Ағайын – туысымен, достарымен қарым-қатынасы бұзылады. Жұмыстан айырылады, қызметте мансаптық көтерілуі мүмкін болмайды, күрделі қаржылық мәселелерге тап болады, тіпті өз-өзіне қол жұмсау, бір-бірін өлтіру, ажырасу, ұрлық-қарлыққа жеткізіп, арты түрмеге отырумен аяқталуы мүмкін.

Мамандар лудоманияны емдеу өте қиын екенін айтады. Адам лудоманиядан зардап шеккенін мойындамайынша оны жеңе алмайды. Құмар ойыннан өз бетінше бас тартпайынша ол адамды емдеу мүмкін емес. Ал құмар ойыннан бас тарту процесі өрқашан ауыр. Бұл жолдан өту үшін адамда нақты мақсат болу керек. Өміріңіздегі ең маңызды құндылықтар отбасын сақтап қалу, қарыздан құтылу, өтірік айтпау, достықты құрметтеу, абыройды сақтау жолында әрекет ету керек. Өзіңізге сенімсіз болсаңыз ақша ұстамаңыз, сенімді адамға беріп қойыңыз.

Несиелік картаны жабыңыз, бұғаттаңыз, онлайн ставкалардың шоттарын жабыңыз, егер офлайн ойнасаңыз қолма-қол ақшаны сақтамауға тырысыңыз. Осылайша ойындарға қол жетімділікті қиындатыңыз. Құмар ойындар бағдарламаларың қосымшаларың жойыңыз. Құмар ойындардың ақша салмайтын, ставка тікелей басқаша нұсқаларын табыңыз. Егер ойынға құмарлық, адреналин жетіспей тұрса спортпен айналысыңыз. Мүмкіндігінше экстремалды, тау шаңғысы, тау велосипеді және т.б. спорт секцияларына қатысыңыз.

Егер ойын ойнау шаршағаныңызды басын болса, оны да басқа хобби арқылы алмастыруға болады. Сіз балалық шағыңызда, жасөспірім кезіңізде не қызықтырғанын еске алыңыз, оны қайталап көріңіз, сізге ұнайтын нәрселер табылады. Тіпті болмаса, үйді күн сайын жинаңыз, егер жер үйде тұрсаңыз аула тазалап, бау-бақшаға

күтім жасау, арам шөптерін жұту, сугару, түптеу де дене шынықтыру болып табылады. Сөйтіп ойынды кейінге қалдырыңыз, не ойын туралы ойларыңызды кейінге қалдырыңыз. Тағы да ойнағыңыз келсе, ерікке жол бермеңіз, үзіліс жасаңыз. Сыртта болып жатқан табиғат аясына назар аударыңыз.

Уақытылы ұйықтау, мерзіммен тамақтану, көбірек қозғалу, таза ауада жиі серуендеу және жақындарыңызбен көбірек араласу – сіздің физикалық және психологиялық қушықтыңызды қалпына келтіретін факторлар.

Лудоманиядан зардап шегетін жақындарыңызбен қарым-қатынас жасай отырып, оны айыптамауға тырысыңыз. Кейде лудомания құрбаны өз іс-әрекеттеріне толық жауап бере алмайды. Сондақтан құмар ойынға тәуелділікке қарсы тұру өте қиын болады. Бұл ретте тәуелділікті жасырудың қажеттілігі жоқ. Ойындарға ақша беріп, қарыздардың жапсаңыз, керісінше жағдайды қиындатасыз. Оның орнына оны көсібі көмекке жүгінуге көндіріңіз. Құмар ойынға тәуелділіктен арылу ұзақ уақытты қажет етеді, сондықтан тез нәтиже күтпеңіз.

Елімізде лудоманиямен күрес жүргізу бойынша бірқатар жаңа шаралар қабылданды. Тиісті заңнамаға түзетулер енгізілуде. Лудоманияға қарсы күреске бағытталған тиісті нормалар өзірленді. Бірінші кезекте бұл букмекерлік кеңселерді, тотализаторлар мен онлайн казиноларды жарнамалауға тыйым салу.

Екінші кезекте құмар ойын ойнауға рұқсат етілген жасты 25 жасқа дейін көтеру. Сондай-ақ, бірінші бағытталған тізміне тұрған тұлғаларға, алимент төлеушілерге және банкке мерзімі өткен берешектері бар тұлғаларға ойын ойнауға тыйым салу көзделген.

Болат СЕРИЕВ,
Басқарма мүшесі – жастар саясаты жөніндегі проректор.

Өткені жоқ елдің ертеңі бұлыңғыр

Естеріңізде болса, Италияда қазақстандық туристке айыппұл салынған еді. Ол Помпей археологиялық саябағында Цейлер үйіндегі қабырғаға «ALI» деп есімін жазған. Бұл үй самнит кезеңіне, яғни біздің заманымызға дейін II ғасырға жататыны дәлелденген. Сондықтан археологиялық саябақ директоры қазақстандыққа айыппұл төлетумен қатар үйдің қабырғасын қалыпқа келтіруге мәжбүр болған. Жалпы әлемде туристік орындардағы вандализм үшін қатаң жаза қолданады. Мәселен, Италия заңына сәйкес, егер саяхатшы қабырғаларды сырып, бүлдірсе 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Сондай-ақ 15 мың еуродан 60 мың еуроға дейін айыппұл арқалайды. Бұдан бөлек Италияда фонтанға шомылуға тыйым салынған. Бұл ретте тәртіп бұзғаны үшін бір турист шамамен 450 еуро айыппұл төлейді. Грекияда да туристерге қойылатын талап көп. Мысалы әйелдерге тарихи орындарға биік өкше киіп бармауға кеңес беріледі. Мұндай аяқ киім Акрополь немесе Парфенон сияқты ескерткіштердің аумақтарына зиян келтіруі мүмкін. Үкімет әжегі ескерткіштер зақымдалады деп алаңдайды. Биыл жергілікті билік саяхатшы санын қысқартуды көздеп отыр. Келушілердің көптігі, туристік орындардың көркін қашырып, ғимараттарға залал келтірген. Осы ретте круиздік кемелермен келетін саяхатшы санын 17 мың адамнан күніне 8000-ға дейін қысқарту жоспарланып отыр. Ал Қытайда мәдени ғимараттарды бүлдіріп, зиян келтірген туристке жеті түрлі жаза қолданылады. Оның ішінде қаталы жер аудару. Қытайдағы ең танымал туристік

орын - Ұлы Қытай қорғанының қабырғаларын жазып-сызып белгі қалдырғандар қара тізімге енгізіліп, барлық туристік орындардан аластатылады. Тіпті кейін ол азаматтың ел шекарасынан өтуі қиындайды. Сингапурда де бұзақы туристерге қатысты жаза қатаң. Ең ауыр жаза тәртіп бұзғандарды 1 жылға түрмеге қамау болса, ең жеңіл 1500 доллар көлемінде айыппұл салу.

Сондай-ақ, елде кез келген жерге қоқыс тастауға болмайды. Бұл үшін көпшілік алдында дүре соғады. Біріккен Араб Әмірліктерінде де вандализм заңмен қатаң жазалайды. Ол зақымдалған нысанның ерекшелігіне, дәрежесіне байланысты болады. Ғимараттардың қабырғаларын сызғаны үшін бірнеше ай түрмеге қамалады. Ал тарихи мұраларды бүлдірген саяхатшы ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мәдени құндылықтарға зиян келтіретін вандализм мәселесін жиі көтереді. «Тағы бір кесел бұл – вандализм.

Екіншіке қарай, қоғамдық мүлктен бастап, мыңқылдық мәдени мұраларға дейін бәрін жаппай бүлдіру кейінгі кезде әдетке айналған. Бұрабайдағы Жұмбақтасты, Баянауылдағы

Кемпір-тасты қараңыздар. Ең жауһар

жерлеріміздің сұлулығы шимайды астында қалып жатыр. Үйдегі лифтің, ауладағы ойын алаңын, көшедегі аялдаманы қиратуды қандай қысы бар?! Мұның бәрі – барып тұрған тәртіпсіздік, мәдениетсіздік.

Өркениетті елдің әрбір азаматы қоғам мүлкін өз мүлкіндей қорғауы керек. Дүниежүзінде, нақты айтқанда, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Қытайда, Сингапурда жағымды мысалдар көп, осы елдер көпке үлгі болып отыр. Ал бұл неге олардан кем болуымыз керек?, деген Президент алдымызда мәдениетті де мейірімді ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұрғанын айтқан еді. Содан бері Қазақстанда вандализм мен жеке мүлкі бүлдіргені үшін жаза күшейіп, заң жобасы бекітілді. Қасым-Жомарт



Кемелұлы биылғы Жолдауында да қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру қажет – деп вандализм мәселесіне тоқталды. Мемлекет басшысының сөзі көңілге үміт сыйлағыммен, мәселенің тағы бір ұшы бар екенін айту керек. Ол жеке меншікке өтіп кеткен тарихи аумақтар. Тарихи терең қойнауы құтқа толы Жетісу өңірі – петроглифтерге бай. Десе де, Ешкіөлмес жотасы, Арқарлы асуы, Қызылтас археологиялық кешені вандализмге ұшырап, дала өркениетінің сан мың жылдық шежіресі күн санап жойылууда. Құрылысқа қажет деген желеумен кейбір жәдігерлеріміз бүгіліп, кесіпті көзіне айналып отыр. Жетісу өңіріндегі ең көне тарихи орындардың бірі – үлкен жолдың ортасында орналасқан Арқарлы асуы. Бұл үш мың жылдық тарихы бар, петроглифтерге бай орын. Әлеуметтік желіде көсіпкерлер, бұл маңның тасын үтіп, құрылыс материалдарын әзірелеп жүр деген өңгіме тарайды. Мамандар да жыл сайын тастағы тарихи жәдігерлердің саны азайып бара жатқанын айтып, дабыл қағып жүр. Олар тексеру жұмыстарын жүргізген кезде, адамдардың петроглифтерге әртүрлі жазулар жазып тастағанын байқаған. Бұл химиялық босаулар оңайлықпен кетпейді – дейді. Сол манда бір жылдары Әлкей Марғұлан атындағы Археология институты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, аудан аумағынан петроглифтердің 20 орнын тапқан болатын. Бұл дегеніміз – тұнып тұрған тарих. Ал тарихты қасақана жою, елдіктің іргесін сәугемен бірдей. Өткені жоқ елдің ертеңі де бұлыңғыр.

Әйгерім ИЕБЕКОВА.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында еліміздің ғылым және жоғары білім саласына тоқталып, сапалы кадр даярлауға баса мән беру керектігін айтты.

«Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады. Оларға мейлінше қолдау көрсету керек. Атап айтқанда, маман даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырысты біртіндеп көбейткен жөн. Бұл тәсілді білім бағдарламасы заман талабына сай келетін өз оқу орындарымызға да қолдануға болады» – деп білікті маман даярлау мәселесіне баса мән берді.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатып, жемісті жұмыс істеп келеді. Мәселен, Польшаның Лингвистикалық және техникалық университетімен ынтымақтастық орнаған. Магистранттар Жетісу университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті», Польша университетінде «Филология» мамандығы бойынша қос диплом алды. Сондай-ақ, ресейлік Алтай мемлекеттік университетімен екі бағдарлама бойынша ынтымақтастық орнатты. Білімгерлер Жетісу университетінде «Экология», ресейлік университетте – «Қоршаған ортаны тиімді басқару» мамандығы бойынша білім алады. Осы жылы Жетісу университетінде Италияның Марке политехникалық университетінің филиалы ашылмақ. Онда қос дипломды бағдарлама бойынша аграрлық сала мамандары даярланатын болады. Студент үш жыл Жетісу университетінің базасында білім алса, төртінші жылы Италияда оқиды. Осылайша білімгерлер Еуропалық профессорлардан дәріс алып, әлемдік кәсіби білімге жол ашады. Төрт жылда бакалавр дәрежесі бойынша қазақстандық және италияндық екі дипломға ие болады. Қос дипломды

бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында табысты орын болуына мүмкіндігі мол.

Жолдауда алдағы 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады – деп Қасым-Жомарт



Кемелді еңбек адамының мәртебесін көтеру туралы бастама көтерді.

«Жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет. Үкімет колледжде жақсы оқыған түлектерді мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыруға тиіс».

Жетісу университетінің колледжі еңбек нарығына қажетті жұмысшы мамандарын даярлап, кәсіптік білім беру саласына жасалған реформаға өз үлесін қосуға дайын.

Жолдаудағы басым бағыттардың бірі – қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру мәселесі.

Президент мектептерде, жоғары оқу орындарында қаржылық және цифрлық

сауаттылық негіздерін үйрететін білім бағдарламасын енгізу қажеттігін айтты.

Өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек – деп, елдің болашағына кесірін тигізетін бес кеселге тоқталды. Вандализм, лудомат-

Құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу және оның одан әрі таралуын азайту.

Алдағы уақытта мемлекет басшысы айтқан заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруға ат салысып, осы бағытта қарқынды жұмыс жасайтын боламыз.

Президент соңғы жылдары қоғамның қызу талқысына түскен – елімізде Атом электр стансасын салу мәселесі референдум арқылы шешілетінін айтқан болатын Жетісу университетінің ұжымы мұны бір ауыздан қолдайды. Себебі, «референдум – халық билігінің айқын үлгісі» – деп білеміз.

Мемлекет басшысы әр жолдауында еліміздегі білім саласына талаптар қойып, баса назар аударады. «Педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек» – деген Президент сөзін құптаймыз. Себебі, қабілетті жастарды тәрбиелеу – мемлекеттік идеологияның берік негізі.

Президент Жолдауында айтылған жұмыстың негізгі тоғыз бағыты талқыланып, білімгерлерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мемлекет басшысы өзінің жолдауында еліміздің қарқынды дамуы үшін Парламент, Үкімет, уәкілетті органдар және барлық мемлекеттік аппарат алдында ізденіс кезеңіндегі жұмыстың негізгі бағыттарын белгілеп, нақты тапсырмалар беріп, жаңа міндеттер қойды.

Президент атап өткендей, елдің жаңа экономикалық бағытының айқындалушы қағидадары әділдік, инклюзивтілік, партиялық болары. Осы Жолдауда баяндалған міндеттер үш жыл ішінде іске асырылуы тиіс екені айтылған. Мемлекет басшысы айтқан реформаларды енгізе отырып, оларды жүзеге асырсақ еліміздің болашағы жарқын болатыны мәлім.

ЖОЛДАУ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауын І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ұжымы тікелей эфирден тыңдады. Президент Жолдауда еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамытуды, өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалануды, инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешуді, еліміздің кадрлық әлеуетін жақсартуды, денсаулық сапасын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алуды, халыққа әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін реттеуді, экологиялық мәселелерді, ғылым мен білім саласын дамытуды, мектепке дейінгі тәрбие жұмысын күшейтуді, сондай-ақ қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыруды көздейтін бірқатар бастаманы рет-ретімен жеткізді. Оқытушылар өз

таралптарынан Жолдауда айтылған бастамаларды қолдап, жоғары білім және ғылым сапасы бойынша нақты тапсырмаларды орындауға дайын екенін жеткізді.

Талқылауда Жастар саясаты жөніндегі проректор Болат Сериев құжатта көрсетілген міндеттердің бастысына тоқталып өтті. Соның бірі қоғамның қызу талқысына түскен – елімізде Атом электр стансасын салу мәселесі. «Мемлекет басшысы бұл мәселеге арнайы тоқталып, елімізде АЭС салу референдум арқылы шешілетінін айтқан болатын. Референдум – халық билігінің айқын үлгісі» – деді проректор.

Университеттің ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Катенов Президент әр жолдауында еліміздегі білім саласына талаптар қойып, ерекше назар аударатынын айтты. «Педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек» – деген Президент сөзін құптаймыз – деді ардагерлер кеңесінің төрағасы. Сондай-ақ, ол қабілетті жастарды тәрбиелеу – мемлекеттік идеологияның берік негізі екенін айтты. Техникалық факультет деканы Ерлан Сүлейменұлы экологиялық ахуалды жақсарту бойынша өз пікірін ортаға салды. Жастар саясаты бөлімінің басшысы Жайық Тазобекулы Жолдау бойынша шағын баяндама жасады. Жолдауды талқылау жұмысы барлық факультеттерде жалғасын табатын болады.

РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСТЫ ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 6 қазанда өтетін Референдумға қатысты дөңгелек үстел өтті. Жиынға білім ордасының оқытушы-профессорлық құрамы, қызметкерлері мен білім алушылары қатысты. Атапмыш шараны ректор Ермек Бөрібаев жүргізіп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында айтылған ең келелі мәселе Атом электр станциясын салуға байланысты өтетін Референдумның маңызына тоқталды. Жиында сөз алған физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Есен Смағұлов еліміз үшін АЭС салудың қажеттілігін нақты дәлелдермен жан-жақты түсіндірді. «Қазіргі уақытта елімізде су, көмір, газ тапшылығы сезіліп отыр. Халық саны көбейген сайын сұраныс арта береді. Сондықтан атом электр станциясын салу қажет. Оның қуаттылығы көмір мен газдан әлдеқайда жоғары. АЭС-тен алынатын энер-



гия экологиялық ең таза әрі қауіпсіз болады» – деді.

Экономика және туризм кафедрасының меңгерушісі Гүлнар Тулешова АЭС салу арқылы ел экономикасын көтеруге болатынын айтса, жастар саясаты бөлімінің басшысы Жайық Тазобекув жастар үшін жаңа жұмыс орындарының ашылатынын тілге тиек етті. Жиынды қорытындылаған ректор Ермек Әбілтайұлы ұжымды 6 қазанда өтетін Референдумға бір кісідей қатысып, дауыс беруге шақырды.

27 қыркүйек – халықаралық туризм күні

«ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ» – БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҒЫ



Улудаг университеті (Түркия), С.Демирель атындағы Қазақ-Түрік университеті және т.б.

2020 жылы алғаш рет 6B11101- Туризм білім беру бағдарламасы бойынша 1 курс білімгерлерінен арнайы емтиханнан өту арқылы көптілі топ құрылды. Биылғы жаңа оқу жылында 8 білімгер түсті. 3 студент шет тілдерін меңгеру бойынша арнайы IELTS халықаралық тәспәу жүйесі сертификаттарына ие болды және академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға дайындық жүргізуде.

Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын дамыту мақсатында Лодзь университетінде (Польша) Дүйсенғали Назира, Мағзам Камилова, Сморьникова Евгения, Саинова Ақбота, Саитова Алина білім алды.

2024-2025 оқу жылының бірінші жарты жылдығында Туризм және қонақ үй бизнесі білім беру бағдарламасының 2 курс білімгері Байділдә Амель Малайзияның Management and Science университетіне сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен оқуға жіберілді.

- мейрамхана қызметтерін автоматтандыру» сынды жаңа пәндер қосылды. Білім беру бағдарламаларын игеру нәтижесінде кафедра түлектері көптеген салалар мен ұйымдарда сұранысқа ие: туризм, сервис және қонақжайлылық индустриясында, меншіктің өртүрлі нысандарындағы ұйымдар мен кәсіпорындарда және т.б.

Студенттер тәжірибеге бағытталған дерістер мен семинарлар көбінесе кәсіби дағдыларды нығайтуға бағытталған, сабақтан тыс туристік форумдар мен көрмелерге, эксклузивті экскурсиялардағы бейінді ұйымдарға барады.

Кафедра ұжымы жұмыс берушілермен де өзара тығыз байланыста. Еңбек нарығында университет түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында талапкерлерді таңдау және оқуын бітірген түлектерді жұмысқа орналастыру жүйелер толығымен жетілген. Білім беру бағдарламасы жұмыс берушілермен бірлесіп отырып әзірленеді, оқу процесінде араласа алады, өндірістік практикадан өтуді қамтамасыз етеді.

Бітірушілердің жұмысқа орналасу мәселесін шешу үшін университетте түлектердің қызмет секторы құрылды. Бұл сектордың негізгі мақсаты – жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынас орнату және жұмыс берушілермен кері байланыс қалыптастыру. Алдағы кезеңде басты мақсаттардың бірі – дуалды білім беру жүйесін дамыту. Сондықтан да түлектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету үшін оқу үрдісін жұмыс берушінің біліктілік талаптарына сәйкестендіру жоспары құрылуда. Біздің студенттерді кәсіби мансапқа дайындаудың артықшылығы – оқудың жалпы жоғары оқу орнының ерекшелігі, турфирмалардың қатардағы менеджерлерін дайындау, кез келген табысты кәсіпорында шешуші рөл атқаратын мамандарды дайындау.

Кафедра ұжымы - тұрақты дамуына бағыт ала отырып, студенттерімізді туризм және қонақжайлылық саласындағы табысты практиктердің ең өзекті тәжірибесімен қамтамасыз етуге тырысады. Мұнда туризм индустриясын жетілдіру үшін ең батыл және бірегей идеялар шындыққа айналады. Сонымен қатар, ұйымдастыратын шараларға түрлі ғылыми, білім беру, ойын-сауық, қайырымдылық акциялары да кіреді.

Қазіргі заманауи экономика жағдайында ЖОО-ның бәсекеге қабілетті болуы өте қажетті. Сондықтан да, білімнің қызмет көрсету нарығында ЖОО-ң бәсекеге қабілеттілігін ЖОО-н басқаруда іскер кәсіпорын ретінде жүйелі бағыттарды қолдану есебінен қол жеткізуге болады. Бұл көзқарас білім беру қызметінің тиімділігін анықтаушы – ресурстық қамтамасыз етілу, басқару жүйесінің құрылымы, маркетингтің көшең қаржылық басқару, білім саласының жүйесі стратегиялық компоненттердің әрекетін белсендіруді талап етеді.

Гульнар ТУЛЕШОВА,
Экономика және сервис
кафедрасының меңгерушісі.

Қазіргі уақытта туризм әлемдік экономикадағы ең ірі және қарқынды дамып келе жатқан секторлардың біріне айналды. Сонымен қатар, әлем экономикасы мезгіл-мезгіл бастан кешіретін төтенше кезеңдерге қарамастан, туризм өзінің даму параметрлерін тез қалпына келтірудің ерекше қабілетін көрсетуде. Қазіргі нарықтық жағдай, бір жағынан бірқатар дағдарыстық құбылыстардың және күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси сын-қатерлердің болуымен сипатталады, ал екінші жағынан импортты алмастыру негізінде ішкі туризмді дамытудың кең мүмкіндіктерін ашады.

Туризм және қонақжайлылық – зияткерлік, рухани, шығармашылық дамуға, патриоттық тәрбиесі, әлеуметтік бейімделуге, мәдени және қызмет көрсету саласын дамытуға ықпал ететін сала. Қызмет көрсетуге қатысатын халық үшін туризмді дамытудың маңызды әлеуметтік-экономикалық әсері табыстың, жұмыспен қамтудың, оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтудың өсуі, сондай-ақ кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру. Туризм – экономика үшін ең мультипликативті әсерлері бар салалардың бірі. Бюджетке шетел валютасы түсімдерінің негізгі көзі болып табылады.

Туризм – 50-ден астам аралас салалар тартылған ірі салааралық көшен. Ол депрессиялық өңірлер мен моноқалалардың дамуына қосымша серпін беруге, халықтың көші-қон ағынын азайтуға, қосымша көздер құруға, өңірлік бюджетті толықтыруға қабілетті. Шекара маңындағы аумақтардың табиғи-рекреациялық, мәдени әлеуеті сападағы өзара тиімді ынтымақтастыққа қопайлы болған кезде мәдениетаралық коммуникация және трансшекаралық ынтымақтастық құралы шекараның екі жағында туризм және халықаралық мәдени байланыстар орнатуға мүмкіндік береді. Сондықтан, аталған салаға мамандар дайындаудың да өз артықшылықтары мен ерекшелігі бар.

Жетісу өңірінде туризм және қонақ үй саласы мамандарын дайындайтын оқу орны – І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті экономика және сервис кафедрасы. «Туризм мен қонақжайлылық» білім беру бағдарламасында оқитын студенттер облыстың «Жетісу» туристік ақпараттық орталығында, туристік агенттіктерінде, қонақ үй және мейрамхана көшелерінде тәжірибе алмасады. Негізгі сабақтардан басқа студенттер туризм және қонақжайлылық салаларының белгілі қайраткерлері мен менеджерлерінің, білікті мамандардан қонақ

дәрістер, семинар-тренингтер өтеді. Еліміздің туристік әлеуетін ескерер болсақ, жыл өткен сайын мамандарға де-

Анель Малайзияның Management and Science университетіне сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен оқуға жіберілді.



ген сұраныс артуда. Бүткіл әлемде туристік бизнеске мамандар даярлауға айтарлықтай көңіл бөлініп жатыр. Жас жеткіншектерге теориялық білім ғана емес, тәжірибелік матчықтар да маңызды. Сондықтан болашақ мамандардың тәжірибелік дайындығын жақсарту мақсатында жұмыс берушілермен жүйелі түрде кездесулер өткізіліп отырады. Мұндай кездесулер барысында енгізілгені жатқан жаңа пәндер тізімі, курстардың жұмыс оқу бағдарламалары, өндірістік тәжірибе бағдарламалары, дипломдық жұмыс тақырыптары талқыланады. Жұмыс берушілердің өкілдерін қортынды мемлекеттік емтихан комиссиясы құрамына шақыру тәжірибеге енгізілген.

Туризм және қонақжайлылық білім беру бағдарламасы ғылыми – инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін мынандай басты шетелдік ұйымдармен тығыз қарым-қатынаста: М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, В. Корфант атындағы Жоғарғы Силезск экономика университеті, Лодзь университеті, Бурса

В. Корфант атындағы Жоғарғы Силезск экономика университетінің (Польша) профессоры Stefan Dyrka, Түркияның Бурса қаласында орналасқан Улудаг университетінің профессоры Емин Атасой экономика және сервис кафедрасымен көп жылдардан бері ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Қонақжайлылық және туризм индустриясы қазіргі уақытта көптеген қызметтерді қамтиды, бұл өз кезегінде цифрлық технологияларды қолдануды талап етеді. Осыған орай, аталған білім беру бағдарламасына «Қызмет көрсету саласын цифрландыру», «Қонақ үй



Ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, физика-математика ғылымдарының кандидаты, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері Марат Жабықбайұлы «жәнегіштің еңбегі, еліне бергені» дегендей, саналы құмырын білім беру саласына, ғылымға арнапты. Ғалымның еңбекпен өткен өмір кезеңдеріне көз жбөріп, білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесін, ғылыми ізденістері мен жетістіктерін айтқанда, сол сара жолға – дара жолға бағыт алған кезеңге, жастық шағына да бір шолу жасап кеткен орынды.

Ширек ғасырдан астам қызметтес, әріптес, дос бола жүргендіктен Марат Жабықбайұлының өмір деректері мен сырларына біршама қанықтым.

Ол киелі Қапал Арасан жерінде 1958 жылы 8 наурызда ұстаздар отбасында дүниеге келді. «Үяда не көрең, ұшқанда соны ілесің». Қос ұстаз ата-ананың еңбегі, ұялы ма, атаның қанасы, анаңның сүтімен сіңген дарындылығы ма мектепте өзінің зеректігімен көзге түскен Марат Жабықбайұлы болашағынан көп үміт күттірген, талантына талабы сай алғыр, зерек, үздік оқушы болыпты. Ғылымдардың атасы математикаға алғаш баулыған әкесі, аудан, облыс көлеміндегі озық тәжірибелі ұстаз Жабықбай Мәлікбасұлы бабаларының оқуына ерекше қатап талаптар қойып, бағыт бағдар көрсетіп ған екен. Ағасы Әскердің, Ғалымның, інісі Аманжолдың алдарына күрделі есептерді беріп, қайсы қанша амалмен, қалай шығарады екен деп, жарыстырып қоятын. Ағасы Әскер тез ойлап, тез шешетін алғыр еді. Марат та ағасынан қалыспауға тырысатын. «Әке балаға сыншы». Шахматты да тез үйреніп, әртүрлі жарыстарда жүзделі орындардан көріне бастаған Мараттың математика мен физикаға құштарлығын аңдаған әке, өзінің ісін жалғастыра беріп, қайсы осы ұлы болатынына сенді, Маратты сенімінен шықты, үміт ақтады. Мектепте үздік оққан Марат Жабықбайұлы ол кезеңде үздік оқытын, спортта, өнерде, басқа салаларда жетістіктерге жеткен оқушылардың әрқайсысына арман болған пионерлік лагерь «Артекке» жолдаманы. Қапал ауданы бойынша Марат Жабықбайұлы жөніп алады.

Мектеп бітіргеннен кейін ата-анасы Ресейге барып оқимын деген ұлының қолын қақтады, жолына сәттілік тілеп, ақ баталарын беріп аттандырды. Өмір-дастанның әлқиссасы осылай басталып, Марат Жабықбайұлы 1975 жылы Қапал ауданы Арасан ауылындағы орта мектепті тәмамдап, арман арқап, білім қуып, жерлес ақын Ғали Орманов жырлағандай:

Аттанып ауыл анадан,
Алысқа кеттім қалаға,
Жабыла маған қараған,
Жауатпай кеттім далаға,

деп, 1976 жылы Ресейдің Томск қаласындағы «Басқарудың автоматтандырылған жүйесі және радиоэлектроника» институтына оқуға



ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ҚАЙРАТКЕР

бар жартылай өткізгіштердің пленкасын алу тәсілін» ойлап тапқан ғалым Марат Жабықбайұлы инновациялық патент иегері» атанды. Ресей ғалымдары ғылымның ғылымдағы әлеуетінің жоғары екендігін мойындап, ресейлік «Ученые России» энциклопедиясына қазақ ғалымының аты-жөні де енгізді.

Тәуелсіздік таңы атқаннан бергі уақытта нар көтерер жүкті арқап, жауапты да маңызды қызметтер атқарып келе жатқан

Марат Жабықбайұлы өз ісінің білгірі талапшы да тегеурінді басы болып. Қызмет баспалдағы кафедра меңгерушісі, факультет деканынан бастаған Марат Жабықбайұлы оқу ісі жөніндегі проректор қызметіне дейін көтерілді. Осы жылдар ішінде білім беру саласындағы реформаларды, кредиттік оқуды, жаңашыл инновациялық технологияларды, дуалды оқу жүйесін жоғары оқу орнында жүзеге асыру барысында білім мен білігін, қажыры мен қайратын сарп етті. Университеттің оқу - тәрбие, ғылым саласындағы қандай да бір шешімі күрделі жұмыстары болса, соның басы қасында Марат Жабықбайұлы жүретін. Аттестациядан, аккредитациядан өтудегі, мамандықтарға лицензия алуға өте жауапты кезеңдерде де өзіне де, өзгеге де қатап талап қойып, жұмысты аяғына дейін тиянақтамайынша тыным көрмейтін. Университет колледжінде жаңа мамандықтар алуға да көп тер төгіп, алдына қойған мақсатына жетіп, ісін ары қарай жалғастыру үшін өмірінің соңғы күндеріне дейін Жетісу университеті колледжін директоры қызметін атқарды.

Қызмет пен ғылымды да ұштастыра білген Марат Жабықбайұлы 2011 жылы 13.00.08—«Кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Бұл педагогикалық жоғары оқу орындарында кәсіптік білім берудің өзекті мәселелерін жан-жақты зерттеген, өзекті мәселені дер кезінде көтерген, оның теориялық, практикалық маңызын айқындаған, ғылыми айналымға, педагогика ғылымына қосылған

зерттеу болды. Марат Жабықбайұлының ғылыми ізденістері 1 монография, 3 оқулық құрал, республикалық және халықаралық басылымдарда жарық көрген 100-ден астам ғылыми мақаларда көрініс тапты.

2004 жылы есімі «Ресейдің танымал ғалымдары» атты энциклопедиясына енді. 2013 жылы Ресей жаратылыстану академиясының профессоры атанып, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесіне сайланды.

Жетісу өңірінің білім беру саласына терең және айтарлықтай үлес қосқан Марат Жабықбайұлының қоғамдық істері де азаматқа арқтан сенімнің шынайы көрінісіндей. 2006 жылы Талдықорған қалалық мәслихатының III, IV, V шақырылым депутаты болды. Ел сенімі атқарған ғалым-қайраткер, 2016 жылы Алматы облысы мәслихатының депутаттығына сайланып облыстың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына өз үлесін қосты. Ақсу ауданының (2011 ж.), Талдықорған қаласының Құрметті азаматы (2015 ж.) атанды.

Әрбір адамның өзіне тән құмыр жолы, тіршілік баяны бар. бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға.

Марат Жабықбайұлы қызметінде қандай талапшы қатап болса, өмірде сондай жайдары, ашық, езіп қалыңға өткір, математикалық ойлау қабілеті жүйрік еді. Шахматты, бильярдты, преферансты жақсы ойнайтын. Жазғы еңбек демалысында Балқаш көзінде, Алакөлге отбасымен барғанымызда көз келген шаруаға бікес сыйлап кірісіп кететін, ондай жерлерде өзін қарапайым ұстайтын. Жұбайы Ғалияны қатты сыйлайтын, қызы Динараны мінезі өзіне тартқан деп, мақтап, үміт артып отыратын. Немересі Амирге ықыласы ерекше болды.

Ұлт болашағы үшін, ұрпақ үшін етек адал еңбек, даңқ пен дақырт емес, тек абырой мен құрмет әкелері сөзсіз.

Сайлау ҚАЖЫБЕКҰЛЫ,
ф.а.к., әріптесі.

Бір жыл өтті асқар тауым құлағалы,
Бір жыл өтті аням іздеп қылағалы.
Әр күніміз сағынышпен өткенімен,
Жүрегіміз әке деп соғады әлі.

Бір жыл өтті нөмерлерің сұрағалы,
Сүретіңе Атамыз деп қарағалы.
Жұмбағы мен сырлары көп дүние-ай,
Мәңгілікке кеткенді айтпаймай.

Жылап алам сағынғанда өзіңді,
Жебеп жүрші еке аппақ қызыңды.
Өзің едің мына өмірде тірігім,
Жалғап келем бір Алла деп ізінді.

Тәрбиенді көріп өстім жасымнан,
Ешкім сендей сипамаған басымнан.
Түсіне алмай қалдық өке артыңда,
Кеткенде болды-ау бізге тосыннан.

Алла салды басымызға сынақты,
Жиі еске алсын деп не жылатты.
Қайғысы мен қызығы көп өмір-ай,
Бірде көтеріп, бірде жылып құлатты.

Менің әкем - Мәлікбасов Марат Жабықбайұлы, асыл текті ата-бабасының қанымен, анасының ақ сүтімен бойына дарытқан абзал азамат. Ерекше қасиеттерінің, дарын-қабілетінің арқасында жарқын ісімен танымал болды. Әлемдік деңгейде ғылыми жаңалық ашқандықтан есімі елімізден тысқары жерлерде үлкен құрметпен аталды. Талдықорған қаласы және Ақсу ауданының Құрметті азаматы, Ресей жаратылыстану академиясының профессоры, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі, Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры, педагогика ғылымының докторы, физика-математика

Асқар тауым, асыл қазынам...

ғылымдарының кандидаты. Әкемнің есімі 2004 жылы «Ресейдің танымал ғалымдары» атты энциклопедиясына және 2016 жылы «Үздік адамдар» («Білім саласындағы үздіктер») халықаралық энциклопедия-

радиоэлектроника және автоматтандырылған басқару жүйесі институтында білім алды. Әкем ізденімпаздығы және жоғары кәсіби біліктілігімен ерекше енді. Осы ізгі қасиеттерінің арқасында әрдайым жоғары нәтижелерге қол жеткізіп жүрді.



сына, 2017 жылы I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Құрмет кітабына» енгізілген. Әкемнің ең бірінші және үлкен жетістігі – мектепте тәртіпті, оқу үздігі болғандықтан аудан атынан Бүкілодақтық «Артек» пионер лагеріне баруы еді. Ал мұндай демалыс орнына бару сол тұста үлкен арман болатын. 1976-1981 жж. Томск

Қандай үлкен қызметтерді атқарса да елмен бірдей өмір сүрді. Халыққа қызмет жасауды басты мақсаты деп білді. Әкем өз ортасында сыйлы еді... Мен үшін асқар тау болған асыл әкем өмірден етпестейдей көрініп еді-ау... Әзекті ертер өкініштісі, өткен шақпен жазып отырғаным. Дүниеден озғаным бір жыл болса да, есіктен өксіміз күлімдеп кіріп келетіндей күй кешеміз. Әкем туралы ой қозғасам көз алдыма ойы жүрік, елді сөзді, текті тұлғаның бейнесі келеді. Сөзі ісінен алыс кетпейтін, өмірдегі мақсатының не екенін терең түсінген адам екенін әрбір әрекеті делелдеп тұратын. Қанша жақсы көрседі де, сыртқа білдірмейтін

жан еді. Ішімен сүйіп, сыртымен тербие беретін еді-ау...Әке - асқар тау деп бекер айтылмаған, басына қиын іс түскенде демеу беріп, әкелік күш қайрат беретін адамың болса қандай жақсы. Қынаған сәттерінде, ананың мейіріміне қоса өкенің қамқорлығын да іздейді екенсің.

Мен бала кезімнен Әкемді үлгі тұтуға, іс-әрекеттерін қайталауға, басқан ізімен жүруге тырыстым. Оның ақыл-кеңесін, ой-толғауларын санамадан өткізіп отырып, қазірдің өзінде сол бір асыл жанның әлемтану, адамтану мәселесінде және өмірлік қағидаларды қалыптастыруда берік ұстанымы болғанын ұға түсемін. Өзім де сол қағидаларды пайдалануға тырыстым. Әкем маған әрқашан бағыт-бағдар көрсетіп отыратын. Мен, білім және ғылым саласында көптеген жетістіктерге жеткен, марапаттарға ие, қоғамда сыйлы және биік тұлға болған асқар таудай әкемді үлгі тұтамын және де әкемнің жолын қуып, 2022 жылы PhD философия докторы дәрежесін алдым. Көшбасшылық қабілет-қасиеттерін туған қызы мен ғана емес, әріптестері де дәріптеген тұлғадан үйренгеніміз ұшан теңіз...Өмір аспанында қыран құстай қалықтауға, білім теңізінде талмай жүзуді үйреткен менің әкем барша әріптестерім мен қатарластарым үшін де аға буын қызметтестеріне де мықты Көшбасшы бола білген еді. Мен барлық жетістіктерімді ұлтына жанашыр, халқының қалаулы ұлы болған асқар таудай әкемнің рухына бағыштаймын.

Әке тәрбиесін көрген адамның өмірге деген көзқарасы, сана сезімі, түйсігі жоғары дәрежеде дамиды деп ойлаймын.

Әкс, сіз мәңгі менің жүрегімдесісіз...менің өмірлік сағынышым, орындамайтын арманым...

Динара ЖАБЫҚБАЕВА,
қызы.

Берік ұстаным, терең парасат иесі еді...

Қазақ тілінің қадірін көтеріп, қастерлей отырып, оның толығу, баю, даму, қолдану, түсінудің уәдесін жана-жақты зеріктеп, келер ұрпақтың санасына жеткізуге көп ұлес қосқан терең парасат, ғазиз жүрек иесі - Қарлығаш Базарбекқызы.

Әрбір адамның өмір жолында өзіне үлгі тұтарлық замандасы, сырласы, ойлаған ойлары, өмірлік ұстанымдары тең түсіп жататын, жақын жанашыр адамдары болады күй. Өмірінде өзіне үлгі боларлықтай адамды кездестірудің өзі бір бақыт! Мен үшін сондай жан - замандасым Қарлығаш Базарбекқызы еді.

Қарлығаш Базарбекқызының ғылымдығын, ғылымға қосқан үлесін, еңбектерін басқа шәкірттері жаза жатар. Мен тек замандасымның кісілік келбеті, қарапайымдылығы, жүрегінің жұмсақтығы, жанының тазалығына тоқталғым келіп отыр.

Дана Абай айтпақшы ақыл, қайрат, жүректің басын қосып, ғазиз жүрекке билесткен, адами қалпын таза сақтаған, құдайшылық жолындағы таза жан екендігін айналасындағылардың бәрі біледі. Абай: «Адамды нағыз адам қылатыны - сөзім, ой, рух, білім, өнер, адамгершілік, сана, өркет», - дейді. Қарлығаш Базарбекқызы сабырлы, ұят пен қанағатты білетін, иманды, арлы, адамгершілік қасиеттері жоғары, иіп жүректі, қайырымдылық, мейірімділік, еңбекқорлық қасиеттерді бойына сіңірген, тұлға бойы кішіпейілділік пен қарапайымдылықтан жаратылған қамқоршы тұлға. Қарлығаш Базарбекқызының бір адамның көңіліне тиетіндей қатты дауыс көтеріп бір сөз айтқаны өз басым естімедім. Алғашқы таныстығымыз 2002 жылы Д.Қонаев атындағы институтта жұмыс істегеннен басталды. Сол жұмыста жүрген кездердің өзінде айналасындағы жас мамандарға қамқорлық көрсетіп, сыпайылығымен парасаттылығымен шыншылдығымен, тазалығымен, үдеге беріктігімен есімде қалды. «Жан сұлулығы» мен «тән сұлулығының» символы сізсіз ғой» - деп қалжыңдасуы едім. Кафедраларға келгенде маған «келін» деген атауды да қойған езі еді. Өйткені 30 жыл аламызбен бірге тұрғанымызды, арамыздағы сыйластығымызды, жолдасым Мұратты «бауырым» деп сыйлап, қызымыз Айжанның әр жетістігіне қуанып, байғазысын беріп отырушы еді. 2019 жылы Астана қаласында «Өрлеу» институтында 2 айдай бірге оқып, бірге тұрдық. Республиканың әр тараптарынан келген ғалымдар мен оқытушылар бас қосқан бұл жиында да Қарлығаш Базарбекқызы өзінің озық ойлы, терең парасат иесі екендігін нақты істерімен дәлелдеп отырды. Адам болған соң өзінің ішкі сырларынды ақтаратын сырласатын мұңдасатын досын керек екені даусыз ғой. Күйбең тірліктің соңында жүріп кей нәрселерді бағамдай алмай да жетамыз. Қазір ойласам, сондай ақыл беретін ақылшым, жанашырым, досым екен.

Иә, мен үшін Қарлығаш Базарбекқызы туралы өткен шақта естелік айту қиынның қиыны... Еске түскен сайын ой шашырап, әр нәрсе ойға келіп, көңілің құлазып қалады екен... Адам қызық та, өте күрделі қаратылыс емес пе? Дүниеден өткен кезде ғана оның адами болмысы мен қасиеттерін ғылымға сіңірген еңбектерін саралап, бағалай бастаймыз. Қарлығаш Базарбекқызының ақиқат болмысы, жарқын жүзі, кісілік, адами қасиеттерімен жан жағындағыларға үлгі болғанын, ғылымдығын, ғылымға қосқан үлесін жалғаса беретін ұстаз-ғалым екеніне ешкім шек көлтіре алмас. Ғалымның өмірі мен ғылыми еңбектері жөнінде әлі талай жақсы сөздер айтылып, толымды зерттеулер жазылары сөзсіз. Саналы ғұмырын қазақ тіл білімі ғылымы мен тәртіптанудың негіздерін жас ұрпаққа үйретіп, еліміздің ертеңіне сөзі мен ісі қалған, ел мүддесін басты міндет деп санаған, текті, парасатты, ірілік пен іскерлікті қалыптастырған жан-жүрегі имандылық шарттарына толысқан таза тұлға ретінде таныдық.

Жатқан жеріңді жайлы, топырағыңды торқа, жаныңды жаннатта болсын! Рухыңды пейіштің төрінде шалқысын!

Ләззат ШАПТИКЕНОВА,
замандас әріптесі.



АДАМ ҚОНАҚ ӨМІРГЕ, БІР КҮНІ ҚОЛЫН БҰЛҒАЙДЫ...

«Қазақ тіліндегі өлім-жітімге қатысты фразеологиялық тіркестердің ұзын саны 80-нен асып жығылады. Ал оның елуден астамы етістікті тіркестер. Олардың дені эвфемизм жолымен жасалған» (Сарбасова Қ. «Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдер»).

Бірақ ұлтың, тілің шексіз сүйген қазақтың қайсар қызы, талантты ғалым, бір бойына безадалық, жан сұлулығын, даналықты тоғыстырған ардақты жан, әр шәкірттің жүрек терінен орын алған ұлағатты ұстаз Қарлығаш Базарбекқызына қатысты айтылғанда қандай эвфемизмді қолданса да ауыр. Жүрек тұсың зілмеуір тартып, көмейіңді өксік көрсінді.

Қарлығаш Базарбекқызы саналы ғұмырын қазақ тіл білімі ғылымына адалдықпен арнаған жан. Ұстаздық пен ғалымдықты шебер ұштастыра білген тұлға. Қазақ тілінің фразеология, ономастика, көркем мәтін лингвистикасы, пунктуация салаларына, Ілияс Жансүгіров, Сайын Мұратбеков тілін зерттеуге, білімгерлерді ғылыми жұмысқа баулуға қатысты құнды ғылыми еңбектер қалдырған тілші-ғалым.

Талай жастың бойындағы талант көзін ашқан ұлағатты ұстаз. Әр шәкірттің қабілетін тап басып танытып, білім нәрімен сусындайтып, қатаң талап қоя білетін, ақыл-кеңесін айтып, өмірлеріне өңге болған ұстаздың орны әр шәкірт үшін ерекше. Қарлығаш Базарбекқызы - рухы таза, ой-өрісі биік, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші. Өз бойындағы асып қасиеттері мен білімін шәкірттеріне шартсыз бере білген, жанашыл ұстаз еді.

Ол ғылымның, ұстаздықтың ауыр жүгін арқалауды өз жүрегіңің қалауымен таңдаған. Оған дәлел өмірін саналы мұраттарға - қазақ тіл білімінің зерттелуіне үлес қосып, тіл жанашыры болатын мамандар дайындауға арнауы. Туа бітті табиғи ішкі және сыртқы жаратылыстық сұлулығы ойы мен сөзінен, тұлға бойынан танылған еді.

Ұлы ғұлама әл-Фараби: «Үстәз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі... мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл және асақ және ар-намысын ардақтайтын жақындарына да, жат адамдарына да еділ... жұрттың бәрине... жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқанду дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деген.

Қарлығаш Базарбекқызының бойынан жоғарыда аталған ұстазға тән қасиеттің барлығы танылған.

Ол кісі үнемі тұлғалық қасиетін, біліктілігін жетілдіре отырып, кәсіби шеберлігін арттыра түсетін. Ақыл-ой терендігі, зерделілігі мен пір пайымдылығы, парасатты ісі өз замандастарынан оқ бойы озып, облысымыздағы үздік тілші-ғалымдар қатарынан табылуға ықпал етті. Кімнің рухани байлық қоры мол болса, сол адам әрбір жаңа істі қолға алған сайын өседі, жаңа қырынан танылады. Ол кафедралар көтерілген қандай тың бастама болса, соның басы-қасынан табылды. Заманның ағымына сай бейімделіп білді. Шәкірттерін

қол жеткен жетістіктерге ешқашан тоқмөйлесімеу, тынбай еңбектену, іздену, әр істі уақытылы аяқтау, нәтижелілігін қадағалау сияқты дағдыларға үйретуден еш жалыққан емес.

Кейбір адамдарда айрықша мінез болады, олар қысылтаян, қиын сәтте жол табуға шебер. Біздің апай осы адамдардың қатарынан еді.

Қарлығаш Базарбекқызы ғалымдық пен адамдықты қатар ұстаған. Атына сай, ел аузындағы «Қарлығаштай қанатымен су сепкен» деген саяққапы теңеудегідей көмек қолын созудан аямайтын. Алайдың шапағаты тиген жандар өте көп. Әріптес-достарының Базарбекқызының «Ігілік банкін» қазсылығын бәріміз де көргенбіз деген пікірлеріне талай куә болғанбыз.

Ұстаздық өмір сүруде, адамдармен қарым-қатынаста өзіндік берік принциптері бар еді. «Арым - жанымның садағасы» деп түсінетін. Әресе мәселе ел мен жер, тіл, ұқым жайына келгенде шешен де өткір тілмен, кесімді пір айтудан жасқанбайтын. Әрдайым өзгелерге ұқсамайтын өзіндік пікірі бар. Орынды жерінде ақыл-кеңесті әзіл-қалжыңмен қосып бере білу - жоғары дәрежелі адамның нақыл сөзінен әлдеқайда артық.

Қарлығаш Базарбекқызы да анда-санда өткір әзілді пайдаланып көпшіліктің көңілін бір көтеріп тастайтын, бірақ ешқашан оның шегінен аспай, ақылдың жөнімен, әдептің сәнімен әзілдесетін.

«Үш қасиет адамды ғажайып етеді - олар жоғарыдан берілген Ұлы Жомарттың сыйы: миуалы талант, терең ақыл, сезімтал әрі құтты талғам» дейді ғұламалар. Қарлығаш Базарбекқызы осындай сыйға ие болған ғажайып ұстаз болды.

Бақұл болыңыз, апай! Жарқын бейнеңіз, жақсылығыңыз мәңгі жадымызда.

Гүлім ТӨЛЕУҚЫЗЫ,
шәкірті.

Қарлығаш туралы бір үзік сыр

1992 жылы күз айында Қарлығаш Базарбекқызымен таныстым. Түрі сұсты болғанымен жүзі сұлу, көркем. Бастапқы кездері «сөлем, сөлем!» дегеннен аспай жүрдік. Өсек-өтірік айтпайтын мінезі бар, өте білімді, түсінігі де мол. Студенттер де қаталдау апайынан қаймағыда да сабақтан қалу, дайындығыз келу деген болмайды.

Уақыт өтеді, заман өзгереді, ал бірақ Қарлығаш Базарбекқызы сол бәз бағай қапты өз өзгермеді. Қандама шәкірт тәрбиеледі, олардың барлығы дерлік, тиянақты білім алып, саналы маман болып шықты.

Ал мен ол кісіні көрген уақыттан бері «Карло», «Карлуша» деп атайтынмын. Өмірден өткенше солай атадым. Оған қабақ шытып еш ренжімейтін, былайша айтқанда тату-тәтті, еш шай деспей өттік. 1999 жылы «Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған тұста әріптесім Сайлау Қажыбекұлымен арнайы Алматыға бардық. Шамамыз келгенше қолдау көрсетуге берген бізді көріп ол кісі ерекше қуанды. Күн суық болатын, басына бір шәкіртін бас киім киген, онысы шама-лы үлкен болса керек, көзіне түсіп тұр, жүзі шаршаңқы көрінді. Бірақ соған қарамастан «О, бауырларым, спонсорларым келіпті ғой!» деп, дастарқан жайып, бәйек болды. Кеңіңі көтеріліп, мәре-сәре. Әдетте қабағы қатұлы жүретін Қарлығашымызды танымай қалдық. Улап-шулап түннің бір уағына дейін жүрдік. Ерtesi күні қорғауы сөтті өтті. Біз қуанып «елімізге» қайттық.

Тоқсаннан астам ғылыми-зерттеу еңбегі, оқу-әдістемелік кітаптары мен зерттеу мақалалары шықты. «Құлагер поэмасының тілі», «Қазіргі қазақ тілі», «Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдер», «Медиамәтін және саяси метафо-

ра», «Ілиястану орталығының көкірегі», «Жетісу гидронимдері», «Ілияс Жансүгіров шығармаларының тілі» сынды ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Қарлығаштың өлі де атқарар иілікті ісі көп еді... Амал не?

Мұратбек Иманеязинов,
ф.ғ.д., профессор.

Даналық пен сұлулық эталоны

Әлі есімде, Жетісу университетіне оқуға қабылданғанда үлкен курстағылардан қай пәннен қай мұғалім сабақ беретінін алдын-ала сұрап білетінбіз. Сонда алдыңғы буын «барлық сабаққа белсенді қатысыңдар, бірақ Сарбасованың сабағынан қалушы болмаңдар! Сырт келбеттеріңді дұрыстандар» - деп ақыл-кеңестерін берген еді. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы және фразеологиясы пәнінен аудиторияға аққұба, қыр мұрынды, қиғаш қасты, сымбатты апай кірді. Өзін таныстырғанда барлығымыз іштей қобалжып, жүрекіңіз қалдық. Сонда байқағамын, Қарлығаш Базарбекқызы өңі қатал, өте таппашыл болғанымен, ішкі жан дүниесі жұмсақ, жүрегі нәзік, ары таза жан екен. Жоғары курста қазақ тілінің күрделі сапасы синтаксисті бүтешуге дейін мөңгерті.

Бакалавриаттың соңғы жылында апай біздің тобымызға куратор болды. Сол кезде ерекше қолдауын сезіндік. Осы жолдарды жазып отырып, көзіме еріксіз жас келіп отыр...

Саналы ғұмырын болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлауға арнаған апайымыз магистратурада да «Академиялық қазақ тілі» пәнінен дәріс жүргізді. Ғылымға, мақала жазуға, әр істі тиянақты жасауға баулып, бізбен тең қатарлы сөйлесетін.

Қарлығаш Базарбекқызының докторантураға тұз, өлеуетін жетеді» деген ақ батасы қабыл болып, отыздан асқанда ғылымға бойладым. Докторлық диссертацияма апай эксперт болып бекітілген еді. Қатты ауырып жатса да, отыра алмаса да, жұмысты жатып тексерген болатын. Үтр-нүктесіне дейін түгел оқып, ұсыныстарын жазған еді. Ол жақсылығын қалай етей аламыз?

«Жақсылығы әлі өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, шәкірттерің алдында аласармас абыройы бар, туысқандарына қамқор, жанашыр өңке бола білген Қарлығаш Базарбекқызы парасат биікдісігін ерекше жан ретінде бекзат болмысымен, тектілігімен, даналығымен ерекше мінезділігімен мәңгілікке есімде қалады.

Динара ЕСІМБЕКОВА,
шәкірті.

Қарлығаш Базарбекқызының рухына!

Жалған дүние баста мәңгі тұрмасын. Өзің жұта сөзіндік қой құрдасың. Кафедраның ұлағатты Ұлпаны ең, Қажығанда қайрат берген сырласым.

Өнеге толы өмір жолдарың, Сырлы аяқтай сұлу мүсін сомдадың. Туыс - туған туын көкке көтеріп, Жалпы жұрттың жанашыры болғаның.

Тіл білімін зерттеп едің жан - жақты, Талай дүние жазылды ғой салмақты. Шәкірттерің үлгі тұтып өзіңді, Жүрек жарды алғыстарын арнапты.

Құны қымбат құрдас едің мен үшін Университет болып еді ерісің. Білімгерге білім беріп сапалы, Көрсетіп ең еңбегіңнің жемісін.

Орын алып ең алдыңғы санаттаң, Озық оймен елді өзіне қаратқан. Жатқан жерің жарық болсын, Қарлығаш, Жәннат жақтан орын беріп Жаратқан.

Дүйсен АНСАБАЕВ,
әріптесі.

10 ВАЖНЫХ СОВЕТОВ ПЕРВОКУРСНИКУ



Студенческие годы — одни из самых ярких моментов в жизни человека. ЕНТ позади, студенческий билет получен, и вот новоиспеченный студент оказывается на пороге первого этапа во взрослую жизнь. Как справиться со стрессом, побороть неуверенность и быть готовым к предстоящим трудностям, — мы подготовили актуальный пул советов для тех, кто только начинает пробовать себя в роли студента.

Осознайте начало новой жизни
Для начала поймите, что сейчас пришло время новых знакомств и получения знаний по выбранной специальности. Этот стиль жизни точно не будет совпадать с тем, что был у вас ранее. Научитесь самостоятельно работать и решать возникающие проблемы. Если в школьные годы надо было обязательно учить необходимый материал, то сейчас — никто не будет вас заставлять. Осознание того, что теперь образование зависит только от вашего желания и стремления — первый шаг на пути к успеху в учебе.

Соблюдайте тайм-менеджмент
Чтобы успевать подготовиться ко всем семинарам и практическим занятиям, необходимо научиться расставлять приоритеты и составлять личное расписание. Относитесь к этому пункту с большой ответственностью и тогда вы не столкнетесь с проблемами из разряда «не успел» или «за-

был». Составляйте списки всех дел и дедлайнов, ведите онлайн-расписание, распределяйте задания на день/неделю/месяц, наклеивайте разноцветные стикеры по всей комнате — используйте любой способ, который поможет контролировать вашу деятельность.

Заводите новые знакомства
Старайтесь не быть замкнутыми, даже если вы очень стеснительный человек. Будьте максимально дружелюбными с однокурсниками — они тоже попали в незнакомую обстановку, как и вы. Обменивайтесь контактами, вливайтесь в коллектив, в определенный момент вас может спасти именно взаимовыручка людей, с которыми вы вместе учитесь. Не забывайте про контакты со старшекурсниками, заводите полезные знакомства — они смогут поделиться опытом, знаниями и материалами. Общайтесь с преподавателями, давайте им понять, что вы заинтересованы в изучении предмета. Намного лучше знакомиться с ними в начале курса, а не во время экзамена.

Научитесь отдыхать
Как бы это не звучало странно, очень важно находить время для отдыха. Когда дедлайны уже на носу и сессия не за горами не позволяйте себе долго сидеть на месте или работать без перерыва. Путешествуйте, проводите время с друзьями или семьей, ходите в кино или просто ничего не делайте. Самое главное — научиться

посвящать себе достаточное свободное время. После хорошего отдыха вам будет легче работать, а значит знания будут лучше вами усвоены.

Будьте пунктуальны
Не опаздывайте на пары, старайтесь приходить заранее. Не все преподаватели хорошо относятся к ситуациям, когда вы забегаете в аудиторию во время лекции. Некоторые преподаватели вообще не пускают после назначенного времени. Тут мы возвращаемся к вопросу о том, что это образование в первую очередь необходимо вам, и соблюдение простейшей дисциплины позволит вам это сделать, если только вы этого захотите. Никто не отменяет форс-мажоров, но лучше всего предупредить старосту или преподавателя заранее. Этот совет также распространяется на соблюдение сроков сдачи необходимых заданий онлайн и офлайн.

Не позволяйте стрессу брать власть над вами
Стресс во время сессии, тревога перед зачетами и экзаменами, волнение при ожидании оценки — это абсолютно нормальные чувства. В разумной мере это стимулирует процесс подготовки и даже не разрешает сидеть без дела. Однако в таких ситуациях важно помнить, что от этого не зависит вся ваша жизнь. Все люди допускают ошибки, намного важнее научиться находить выход из них. Поэтому не впадайте в истерическое состояние и не позволяйте себе излишне паниковать, тогда вы сможете справиться с самыми стрессовыми ситуациями и остаться спокойным.

Готовьтесь к сессии заранее
Знаете, как упрощить себе задачу во время подготовки к сессии? Старайтесь учить все с начала семестра. Узнайте у преподавателей в каком формате будет проходить итоговая аттестация, какую дополнительную литературу подготовить или какими сайтами пользоваться. Ведите конспекты лекций, если это предмет, предполагающий устный экзамен или активно отвечайте на семинарах, если важно применить практические знания. Восстанавливайте пропущенный материал и обязательно спрашивайте у преподавателей все, что вам не понятно. Намного продуктивнее постепенно изучать материал, а не оставлять все на последнюю ночь перед экзаменом.

Участвуйте в общественной жизни института
Ваша активность за пределами аудитории это не только способ занять свободное время, но еще и шанс провести его с пользой. Найдите свое место —

студенческое самоуправление, научная деятельность, художественно-культурные сообщества, спортивная активность или студенческие СМИ. Участвуйте в конференциях, международных обменах и заводите сеть знакомств. Самые разные профили подготовки общественной жизни дадут возможность подумать о будущем и научат работать в коллективе. А еще благодаря такой активности можно претендовать на повышенные стипендии и гранты.

Двигайтесь
Когда вся неделя насыщена умственной активностью, самое важное не забывать про занятия спортом. Учебное заведение дает возможность всем студентам заниматься физической активностью не только на парах по физкультуре, но и в дополнительных секциях. Это не просто отвлекает вас от учебной рутины, но и укрепляет ваше здоровье, помогает поддерживать вес и стимулирует мозговую активность. Можно желание заниматься этим, чтобы быть здоровым и всесторонне развитым.

Наслаждайтесь студенчеством
Студенчество — особое время. Это несравнимо ни с каким другим периодом в жизни. Поэтому запоминайте каждый момент, учитесь на своих ошибках и обретайте философию житейской мудрости. Получайте удовольствие от учебы, не воспринимайте это как очередной этап монотонного обучения. Институт — это не просто лекции и билеты на экзаменах. Это целая жизнь,

материал взят из
интернет-ресурсов



От преодоления трудностей к личным достижениям: мотивация для первокурсников
Помните, что каждый первый шаг, который вы делаете в университете, — это часть вашего уникального пути. Первокурсничество может быть полным вызовом и новых впечатлений, но это также ваше время для роста и самопознания. Не бойтесь ошибаться и сталкиваться с трудностями — они лишь укрепляют вас на этом пути. Будьте открыты к новым идеям, общайтесь с людьми, которые вдохновляют вас, и не забывайте о своих целях. Каждое преодоленное препятствие делает вас сильнее, а каждый успех — ярче. Не забывайте, что этот этап вашей жизни — не просто подготовка к будущему, но и возможность сделать его более ярким и насыщенным.

Вы уже продемонстрировали храбрость, приняв решение стать первокурсником. Теперь продолжайте идти вперед с уверенностью и смелостью. Ваша способность справляться с новыми задачами и использовать возможности на полную мощность приведет к удивительным результатам. Доверяйте себе, работайте упорно, и пусть ваше будущее станет воплощением всех тех мечт и стремлений, которые вы сейчас носите в своем сердце.

Ваше путешествие только начинается, и впереди вас ждут невероятные открытия и достижения. Верьте в себя, стремитесь к своим целям, и знайте, что каждый день в университете — это шанс стать лучше и приблизиться к своей мечте. Удачи вам на этом захватывающем пути!

Хава Ханчукаева

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҰПРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансұпров көшесі, 167 а.
Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
Талсырыс №1061
Таралым 2000 дана

Бас редактор: Б. Шаянбаева
Редактор: А. Иебекова
Корректор: А. Ахметова
Дизайнер-фотограф: Б. Таубалды